

"Өмірзақ ауылының шекарасын өзгерту туралы" 2008 жылғы 16 шілдедегі Ақтау қаласы әкімдігінің № 709 және Ақтау қалалық мәслихатының № 10/103 бірлескен қаулысы мен шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 03 шілдедегі № 84 қаулысы және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 03 шілдедегі № 30/289 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес және Маңғыстау облысы әділет департаментінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 10-11-481 хатын орындау мақсатында Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Өмірзақ ауылының шекарасын өзгерту туралы" 2008 жылғы 16 шілдедегі Ақтау қаласы әкімдігінің № 709 және Ақтау қалалық мәслихатының № 10/103 бірлескен қаулысы мен шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 05 тамыздағы № 11-1-90 болып тіркелген және 2008 жылғы 12 тамыздағы № 124 "Маңғыстау" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
қалалық мәслихат хатшысы
Қала әкімі*

*М.Молдағұлов
Е.Жаңбыршин*